

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 1406 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1292 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 8 қарашадағы № 680 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.11.2016 № 680 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 1406 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 48, 482-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу ережесінде:

1) 3-тармақтағы "эмиссиямен" деген сөз "шығарылыммен" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 4-тармақтағы "әрбір эмиссиясы" деген сөздер "әрбір шығарылымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6-тармақтағы "әрбір эмиссиясына" деген сөздер "әрбір шығарылымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-тармақтағы "бірінші эмиссия", "екінші эмиссия", "үшінші эмиссия" деген сөздер тиісінше "бірінші шығарылым", "екінші шығарылым", "үшінші шығарылым" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-тармақтағы "тиісті эмиссия" деген сөздер "тиісті шығарылым" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 11-тармақта:

"индекстелген" деген сөзден кейін "атаулы" деген сөзбен толықтырылсын;
"есептеледі" деген сөзден кейін ", бірақ оның атаулы құнынан төмен болмайды" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2002 жылғы 30 желтоқсаннан бастап күшіне енетін 1-тармақтың б) тармақшасынан басқа, жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК